

Өмір жолдан басталады

Ұшы-қиырсыз кең дала. Күн шайдай ашық, аспанда бір шөкім бүлт жоқ. Төңірек жап-жасыл. Даладан көктемнің исі бұркырап тұр. Жеңіл машина қасқа жолмен зуылдап келеді. Өлеңті ауылына қарасты Талдықамыстан қалаға бет түзеген. Кіндігінің қаны тамып, табанымен алғаш рет құмдауыт топырағын басып, жұпар ауасын кере жұтқан қасиетті туған жері артта қалып барады. Осыны ойлағанда елуді еңсерген ел ағасы жасындағы Бақтыбай Амантайұлының ет жүрегі елжіреп кетті. Есіне қайдағы-жайдағы түсіп, көңілі өрекіп, шым-шымдап ой тұңғиығына бата берді.

... “Жол мұраты-жету” деуші еді бала күнінде қариялар. Аңғал балалықпен ойлайтын, әрине, жолға шыққан соң дйттеген жеріне жетесің деп. Көргені көп, түйгені мол сол қариялардың меңзегені басқа, айтқанының астары барын кейін түсінді ғой. Ауыл мен ауылдың арасын қосатын жолдың шегіне, шетіне жету жеңіл екен. Ал шыр етіп дүниеге келгеніңде басталатын өмір жолының жөні мүлде бөлек. Темірқазық мақсатынан адаспау, сол жолда шалдығып, шаршамау- әр Адам-Жолаушының пешенесіне жазылмаған. Өмір жолы жұмыр басты пенденің күш-жігерінің, ақыл-парасатының, кісілік қасиеттерінің шыңдалар, кемелденер, жемісін шашар белестері екен-ау. Иә, сол жол қалай басталып еді?

Қыс қыстауда, жаз жайлауда қыр суреттеріне, малшы өміріне көзі қанығып өсті. Әкесі Амантай сиыр

мединститутты бітіріп, ғылым кандидаты етемін деп мұның келешегін ойлаған көрінеді. Қайран балалық-ай!

Білім қуған, дүниеге көзін ашқан студенттік жылдар да артта қалып, институттың экономика және ауыл шаруашылығын жоспарлау бөлімін аяқтап, 1970 жылы Краснокутск ауданының / қазір Ақтоғай/ Чкалов атындағы кеңшарында еңбек жөніндегі экономист болып қызметін бастады. Кеңшар директоры Жетімхан Шарапиденов алды кең, жас мамандарға жөн сілтей білетін адам екен. Бір жылдан кейін Отан алдындағы борышын өтеуге кетіп, әскер қатарынан босаған соң жаңадан ашылған Екібастұз ауданына келді. Әуелде аудандық атқару комитетінің жоспарлау бөліміне бастық болып тағайындалды. 1974 жылы Екібастұз аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. В.М.Задорожный, Ризабек Адуов сияқты комсомол жетекшілерімен бірлесіп жастарды үлгілі істерге жұмылдырды. Жастық та таудан құлаған сел сияқты қуатты. Алмас кылыштың жүзіндей қылып тұрасың. Қай қияға сілтесе де, қиып түсесің.



орнықтаған аласапыран кез. Ауыл адамдарымен тізе қосып қиындықтардан шығудың жолдарын іздеді. Сәтті шешімдер де, жаңсақ қадамдар да болды. Өмір жолы үнемі тақтайдай тегіс, оқтай тұзу бола бермейді. Ең бастысы әр іс-әрекетіңді саралап, қорытынды шығарып, жасымай, жабырқамай, еңсенді тік ұстап алға ұмтылу.

1993 жылы аудандық тұтынушылар одағы төрағасының 1-орынбасары болып қызметке кірісті. Бұрын сыртынан сыйлайтын, осы мекемені құрып, үздіксіз басқарып келе жатқан Ғаббас Құрмашевпен

пошта байланысы бөлімінің бастығы болып тағайындалды. Қызметін пошта бөлімшелерін аралап көруден бастады. Бәрі дерлік тозып тұр екен. Сол себепті пошталарға жөндеу жұмысын жүргізу қажет деп шешті. Алғашқыда жеңіл-желпі жөндеу жұмыстары жасалған соң, кейінгі жылдары жекелеген пошта бөлімшелері уақыт талабына сай күрделі жөндеуден өткізілді. Сөйтіп, №№ 6,2,9 пошталардың сыртқы-ішкі келбеті көз тартарлықтай болды. Сонымен бірге пошта қызметінің аясын кеңейтуге де мән берілді. Баппық бөлімшелерге ұйымлас-

қанығып өсті. Әкесі Амантай сиыр бақты, шешесі Қазі сауыншы болды. Ел басына күн туғанда әкесі майданға аттанып, соғыстан жеңіспен оралыпты. 1948 жылдың күзінде өмірге келген бұл бастауыш білімді ауылдан алған соң оқуын Екібастұз қаласындағы №2 қазақ орта мектебінде жалғастырды. Алақандай ауылдан келген балаға әуелде қаланың тыныс-тіршілігі таңсық, шым-шытырық көрінген. Әйтсе де ауылдың момын, бұйығы баласы тез ширап, алғырлығымен мұғалімдерінің көңілінен шықты. Әсіресе, есепке жүйрік еді. Математика пәнінің мұғалімі Зәбира Сматова елегезек шәкіртін мақтап, ақыл-кеңесін айтып отыратын. Мектепті 1966 жылы бітіріп, Алматыға жиналды. Оған себепші болған Айдархан Абсаттаров деген ағайы.

9 класты тәмамдап, жазғы демалыста жайлауда жүргенінде әкесінің әрі туысы, әрі жолдасы Айдархан ағай қонақ болып келді. Жата-жастана сырласу үстінде балаларды оқыту туралы әңгіме қозғалды. Сол кезде Айдархан ағай әкесіне: “Мына кенжең Бақтыбайды Алматыға жібер. Оқытып, кандидат қылып шығарамын” дегені есінде. Қонақ медицина ғылымының кандидаты, дәрігерлер білімін жетілдіру институтында қызмет істейді екен. Алайда астанаға барғанында қамқоршы ағайының үйіне салып жетіп баруға жүрегі дауаламады. Сөйтіп, документтерін Халық шаруашылығы институтына тапсырды. Емтихандардан сүрінбей өтті. Тек осыдан кейін ғана туысының үйінің есігін ашты. Айтпақшы, Айдархан ағайының “кандидат қыламын” дегенін қосынғандықтан әуелде жуымай, оқуға түсуге өзі талпынды ғой. Өйткені, ауыл баласы ағайының сөзін “ел қатарлы студент емес, оқуға кандидат етіп қабылдатады” деп ұққан болатын. Сөйтсе, ағайы

қияға сиптесе де, қиып түсесің. Жастар ұйымында қызмет істеп, пыңдалып, адамдармен қарым-қатынас жасауда ысылған соң мемлекеттік дайындау инспекциясына қызмет ауыстырды. Жаңа қызметтегі міндеті- ауыл мен қаланың арасында көпір болу іспеттес. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындап, оны қаладағы ет комбинатына, сүт зауытына өткізумен шұғылданды. Жаңа кәсібін менгеруге мекеме бастығы Ораз Балташев көп көмектесті. Іскер де қабілетті бұл адам кейін “Өлеңті” кеңшарын абыроймен басқарды.

Өмір жолы тарам-тарам. Соның бір соқпағы мұны Екібастұз аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына алып келді. Ауыл шаруашылығы- күрделі сала. Осы басқармада қызмет атқарған жылдары сол саланың ұңғыл-шұғылына үңіліп, аудан экономикасының өрге басуы үшін күш-жігерін аяған жоқ. Адал еңбегі елеусіз қалмай, қызмет сатысымен жоғарылап, басқарма бастығының бірінші орынбасары қызметінде Қисамиден Айтжановты ауыстырды. Бүгінде марқұм болған осы кісі мен сол уақытта басқарма бастығы болған Әди Әлкебаевтан көңілге тоқығаны ұшан-теңіз. Жалпы, өмір жолының кедір-бұдырынан сүрінбей, бел-белесіне нық көтерілу үшін жақсы адамдардың шапағаты қажет-ақ. Бұл орайда жолы болды. Өмірінің әр кезеңінде қамқоршы аға да, жанашыр дос та, бауырмал іні де қасынан табылды. Қамал бұзар қырық жастан асқанында бұған жеке шаруашылық “Сарықамыс” кеңшарының тізгіні сеніп тапсырылды. 1989-1992 жылдары осы шаруашылықта директор болды. Бұл ауыр жылдар еді. Жоспарлы экономика өзін сарқа таусып, күйреуге айналған, нарықтық экономиканың алғышарттары әлі

көле жатқан табиғат құрмашымен жақын танысуды тағдыры жазды. “Тура биде туған жоқ” дейтін қағиданы ұстанған, сөзге сараң, іске мығым Ғабанның қарамағында жұмыс істеу тұтас бір мектеп еді. Жайсаң ағаның дүниеден озғанына да біраз жыл, топырағы торқа болсын.

1994 жылы қалалық кооперативтік сауда ұйымына директор болып тағайындалып, екі жыл қызмет істеді. Уақыттың бір орнында тұрмайтыны тәрізді, қоғам да, заман да өзгеріп тұрады. Еліміз нарықтық экономикаға көшіп, бизнеспен, кәсіпкерлікпен шұғылдануға тәуекел етушілер көбейген тұс. Шаруашылық-экономикалық реформалар қолға алынып, жеке-шелендіру үдерісі басталған. Тәжірибелі экономист ретінде мемлекеттік мүлік комитетінің бастығы болып тағайындалды. Жауапкершілігі мол, алыстан болжауды қажет ететін, кісі тануға міндеттейтін жаңа қызметін атқару жүйкесін сан ширықтырды. Бұған дейін халық игілігінде болып келген нысандарды, кәсіпорындар мен зауыттарды мемлекеттің мүддесін ескере отыра жеке меншікке беруде ұйғарым жасаудың салмағы батпандай еді. Нарыққа жылдам икемделіп, меншігіне алған дүниені тез арада іске қоса алатын, сөйтіп ел экономикасын тұйықтан алып шығуға қабілетті адамдар сараланды. Сол уақытта жекешелендірілген нысандарға не болған М.Жыланбаев, М. Исанов, Е. Шаихов және тағы басқалары бүгінгі таңда өңірімізге танымал кәсіпкерлерге айналды. Қазіргі уақытта бұл жігіттер қаланың көркеюіне айтарлықтай үлес қосуда. Осыны ойлағанда сонында қалған соқпағының тазалығына тәубә дейді.

2003 жылдың қаңтарында тағы бір саланың жұмысымен танысуына тура келді. Бұл жолы Екібастұз

аясын кеңейтуге де мән берілді. Барлық бөлімшелерге ұйымдастыру техникасы сатып алынып, тұрғындардан коммуналдық төлемдерді қабылдау жолға қойылды. Сонымен қатар Альянс банктің басшылығымен келісім жасап, еңбекақыларын пошта арқылы алатын адамдарға несие беріле бастады. 2005 жылдың 1 маусымынан бастап бүгінгі күнге дейін жалпы сомасы 80 млн. теңгенің несие таратылды. Пошта бөлімінің бастығы болып қызметіне кіріскенінде мекеменің жылдық кірісі 23 млн. теңге болса, қазір 47 млн. теңгеге жетті. Мерзімдік баспасөзді тарату ісі де жанданды. Бұрын 13 мың дана газет-журнал тараса, былтырдан бері 24 мың дана газет-журнал тарайтын болды. Мекеменің кірісі көбеюімен пошта қызметкерлерінің жалақысы 10 мың теңгеден 20 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар кадрларды іріктеу, олардың сырттай оқып, білімдерін көтеруіне де назар аударылуда. Биылғы жылы да бірқатар шаруалар күтіп тұр. Теміржол вокзалы жанындағы айырбастау пунктін күрделі жөндеуден өткізіп, келесі жылы 2 жерге банкомат орнату жоспарда бар.

...Иә, ойлап отырса осы жасына дейін өмірдің бірсыпыра белестерінен өтіпті. Жүріп өткен жолында жақсы адамдармен үзеңгілес болып, солардан үйреніп, өзі де жұртқа, еліне хал-қадірінше қызмет етуге ұмтылды. Жұбайы Баян екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп, соларды қызықтап отыр. Асхаты Павлодар қалалық салық комитетінде, Талғаты Екібастұз қаласы прокуратурасында қызмет етіп жүр. Қызы Айнұр ЕИТИ-дің студенті. Балдай тәтті қос немесері де бар. Алда әлі өмір жолы. Сол өмір жолы шаттығы мен шуағын төге берсін деп тілейді.

Ж. Жәлелұлы